

Мәртөк ауданы Құрмансай ауылдық округінің Құрмансай ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Құрмансай ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 11 ақпандағы № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 ақпанда № 26797 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Құрмансай ауылдық округінің Құрмансай ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 26 наурыздағы № 1 қорытындысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Құрмансай ауылдық округі Құрмансай ауылының келесідей көшелері:
"Декабристер" көшесі – "Қарасу" көшесіне;
"Абай" көшесі – "Өлке" көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Құрмансай ауылдық
округінің әкімі*

Н. Беккалиев